

Артық қысымнан қорғайтын құрылғы, реттелмелі 910.13 үлгісі, жез немесе тот баспайтын болат

WIKА АС 09.04 деректер парағы

Қолдану

- Реттелмелі артық қысымнан қорғайтын құрылғылар манометрлерді рұқсат етілген максималды қысым көрсеткішінен асып кеткен қысым әсерінен қорғауға арналған
- Тот басқыш өлшенетін сұйықтықпен, сонымен қатар тот басқыш қоршаған ортада жұмыс істеуге арналған тот баспайтын болат нұсқасы
- Өнеркәсіптік қолданыс: машина жасау және жалпы зауыттық құрылыс, химиялық/мұнай-химиялық өнеркәсіп, электр станциялары, тау-кен өнеркәсібі, құрлық пен қайраңда өндіру, қоршаған ортаны қорғау

Арнайы мүмкіндіктер

- А формасы немесе А формасының процесіне қосылыммен конструкция
- 7 түрлі орнату диапазонын таңдауға болады
- 600 барға дейінгі номиналды қысым
- 1000 барға дейін артық қысымнан қорғау мүмкіндігі
- Вакуумнан қорғау

Сипаттамасы

Артық қысымнан қорғайтын құрылғы серіппелі клапан болып табылады. Қалыпты қысым жағдайларында серіппе клапанды ашық күйде ұстап тұрады. Жүйе қысымы белгіленген қысымнан асып кеткен кезде, серіппеге түсетін күш оның қысылу күшінен артық болып, клапан жабылады. Жүйе қысымы жабылу қысымынан шамамен 25 %-ға төмен түскенше, клапан жабық күйде қалады да, сонан соң клапан серіппе күшімен қайта ашылады.

Зауыттық реттеулер 2-беттегі кестеде берілген.


Реттеуді өзгерту үшін:

Реттегіш бұrandаны сағат тілінің бағытымен бұраңыз ⇒ жабылу қысымы көтеріледі
(немесе сағат тілінің бағытына қарсы ⇒ жабылу қысымы төмендейді)

Артық қысымнан қорғайтын құрылғылар басқару құрылғылары ретінде пайдаланылмауы тиіс!

Зауытта монтаждау кезіндегі реттеу

Манометрмен бірге тапсырыс берген кезде, қорғайтын құрылғы 1,1 x максималды шкала мәніне орнатылады.



Артық қысымнан қорғайтын құрылғы, реттелмелі А формасы, салмалы сомын/сыртқы бұrandа G 1/2

Стандартты сипаттар

Пневматикалық қосылым

А формасы: G 1/2 сыртқы / ішкі бұrandа

В формасы: 1/2 NPT сыртқы / ішкі бұrandа
(2-беттегі өлшемдерді қараңыз)

Клапан корпусы (өлшенетін сұйықтықпен жанасатын бөлік)

Материал: жез (тоттанудан қорғалған, болаттан жасалған салмалы сомыны бар) немесе тот баспайтын болаттан (1,4571 тот баспайтын болаттан жасалған салмалы сомыны бар) жасалған.

Тығыздауыш сақина

ФПМ

Қысымға төзімділігі

Өлшенетін сұйықтықпен жанасатын бөліктер	Номиналды қысым бар	Артық қысымнан қорғаныс бар
Жез	PN 400	600
1,4571	PN 400/600	1 000



Жұмыс температурасы

ең көбі +80 °C

Қосымша

- Сұрау бойынша басқа бұрандалы қосылымдар
- +130 °C шамасына дейін жоғарырақ жұмыс температурасы (2 ... 6 бар реттеу диапазоны)
- DVGW сертификаты (тек А формасына арналған)
- EN 10204 / DIN 55350 - 18 стандарты бойынша тексеру сертификаты
- Оттегімен жұмыс істеу үшін майсыздандырылған, төмендегі кестеден ескертпелерді қараңыз
- Монель құймасынан жасалған нұсқа
- NACE ұйымына сәйкес келетін нұсқа

Таңдауға болатын стандартты нұсқалар

Дизайн	Өлшенетін сұйықтықпен жанасатын бөліктер	Тапсырыс нөмірі						
Номиналды қысым, бар		PN 400					PN 600	
Реттеу диапазоны, бар		0,4 ... 2,5	2 ... 6	5 ... 25	20 ... 60	50 ... 250	240 ... 400	400 ... 600
Зауыттық реттеу, бар		1,45	4	15	40	150	320	500
А формасы 	Жез	9091645	9091653	9091661	9091670	9091688	9091696	–
	1,4571	9091513	9091521	9091530	9091548	9091556	9091564	2491546
	1,4571 OEF	9091335 ¹⁾	9091343 ¹⁾	9091351 ¹⁾	9091378 ²⁾	–	–	–
В формасы 	1,4571	9091963	9091971	9091980	0690600	0690619	1615130	–



OEF майсыздандырылған

1) майсыздандырылған, оттегімен жұмыс істеуге мақұлданған, ең көбі 60 °C температурасына дейін

2) майсыздандырылған, оттегімен жұмыс істеуге мақұлданған, ең көбі 60 °C температурасына дейін; реттеу диапазоны 20 ... 49 бар ғана

3) майсыздандырылған, бірақ оттегімен жұмыс істеуге мақұлданбаған

Өлшемдер (мм бірлігімен)



Тапсырыс беру бойынша ақпарат

Сипатталған бұйымдарға тапсырыс беру үшін, 7 таңбалы тапсырыс нөмірін белгілеу жеткілікті. Қосымша жабдықты бөлек көрсету керек.

© 04/2003 WIKA Alexander Wiegand SE & Co. KG, барлық құқығы қорғалған
Осы құжатта берілген сипаттамалар құжатты жариялау кезіндегі техниканың күйін сипаттайды.
Сипаттамалар мен материалдарға өзгертулерді енгізу құқығы компания меншігінде қалады.

WIKА АС 09.04 деректер парағы · 02/2017

3 / 3 бет



ТОО ВИКА Казахстан
050050 Алматы/Казахстан
Тел. +7 727 2330848
Факс +7 727 2789905
info@wika.kz
www.wika.kz

This document was translated by a professional translator, and is, to the best of our knowledge, linguistically correct.
WIKAI points out that the translation has been made at the customer's request and has not been independently checked for technical correctness.